**«Алматы электр станциялары» АҚ есебіне ақпарат**
**2026 жылғы 1-жартыжылдықтың қорытындысы бойынша бекітілген тарифтік сметаның, бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы**
**реттелетін қызметтер (жылу энергиясын өндіру, магистральдық құбырлар арқылы су беру) бойынша тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы**

## 1) «АлЭС» АҚ туралы жалпы ақпарат.

«АлЭС» АҚ – Алматы қаласында және Алматы өңірінде жылу және электр энергиясын өндіру бойынша қызметін жүзеге асыратын энергия өндіруші ұйым.

«АлЭС» АҚ табиғи монополия субъектісі болып табылады, ол Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркелімінің республикалық бөліміне қызмет түрі – жылу энергиясын өндіру, магистральдық құбырлар арқылы су беру жөніндегі көрсетілетін қызметтер бойынша енгізілген.

Жалғыз акционері «Самұрық-Энерго» АҚ болып табылады. «АлЭС» АҚ ұйымдық құрылымына сегіз өндірістік бөлімше кіреді:

| Р/с № | Энергия көздері | Пайдалануға берілген жылы | Белгіленген қуат, Гкал/сағ |
|---|---|---|---|
| 1. | Б. Оразбаев атындағы 1-ЖЭО – электр және жылу энергиясын өндіру | 1935 (1960) | 1 203 |
| 2. | А.Жакутов атындағы 2-ЖЭО – электр және жылу энергиясын өндіру | 1980 | 1 411 |
| 3. | 3-ЖЭО – электр және жылу энергиясын өндіру | 1962 | 335,3 |
| 4. | Батыс жылу кешені (БЖК) – жылу энергиясын өндіру | 1963 | 1 100 |
| 5. | Ш. Шөкин атындағы Қапшағай ГЭС – электр энергиясын өндіру | 1970 | |
| 6. | ГЭС каскады – электр энергиясын өндіру | 1944 | |
| 7. | «Энергожөндеу» өндірістік-жөндеу кәсіпорны (ӨЖК) – «АлЭС» АҚ-ның жабдығын жөндеу | | |
| 8. | Отынды қабылдау және түсіру орталығы (ОҚТО) – энергия көздері үшін отынды қабылдау және түсіру «АлЭС» АҚ | | |
| | **Барлығы:** | | **4 049,3** |

## I. РЕТТЕЛЕТІН ҚЫЗМЕТ – ЖЫЛУ ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУ

## 2) Бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы.

Инвестициялық бағдарлама Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментінің 26.03.2026 жылғы №52-ОД және Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің 31.03.2026 жылғы №135 – Н/Қ бірлескен бұйрығымен бекітілген. Бекітілген инвестициялық бағдарламада 2026 жылға көзделген іс-шаралар меншікті қаражат есебінен 1 622 607 мың теңгені, қарыз қаражаты есебінен 12 733 115 мың теңгені құрайды.

| р/с | Іс-шаралардың атауы | Меншікті қаражат есебінен инвестициялық бағдарламаның сомасы, мың теңге | | |
|---|---|---|---|---|
| | | 2026 жылға жоспар | 2026 ж. 1-жартыжылдығының фактісі | Ауытқу, (+,-) |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | **БАРЛЫҒЫ, оның ішінде** | **1 622 607** | **0** | **-1 622 607** |
| **1** | **2-ЖЭО-да су жылыту қазандықтарын (№1-4) орнату. Құрылыс-монтаждау жұмыстарын орындау, авторлық және техникалық қадағалау** | **971 708** | **0** | **-971 708** |
| **2** | **3-ЖЭО-ның күл үйіндісін қайта жаңарту және кеңейту. ҚМЖ орындау, авторлық және техникалық қадағалау (6-кезек)** | **57 677** | **0** | **-57 677** |
| **3** | **Өндірістің ағымдағы деңгейін сақтау** | **553 282** | **0** | **-553 282** |
| | **Б. Оразбаев атындағы 1-ЖЭО** | **189 027** | **0** | **-189 027** |
| 3.1. | №2 ПТВМ-100 ыстық су қазандығы. Маңдайша экранын 100% ауыстыру | 13 216 | 0 | -13 216 |
| 3.2. | ПТВМ-100 №4 ст. ыстық су қазандығының конвективті шоғырын ауыстыру - 100%. | 29 312 | 0 | -29 312 |
| 3.3. | ПТВМ-100 №5 ыстық су қазандығының арынды газжолын ауыстыру - 100% | 19 292 | 0 | -19 292 |
| 3.4. | ПТВМ-100 №5 ст. ыстық су қазандығының конвективті шоғырын ауыстыру - 100%. | 29 312 | 0 | -29 312 |
| 3.5. | ПТВМ-100 №6 ст. ыстық су қазандығының конвективті шоғырын ауыстыру - 100%. | 29 312 | 0 | -29 312 |
| 3.6. | ПТВМ-100 №7 ст. ыстық су қазандығының конвективті шоғырын ауыстыру - 100%. | 29 312 | 0 | -29 312 |
| 3.7. | Т/А №10 ст. шықтық бойлерінің жез түтіктерін ауыстырып жөндеу. | 27 799 | 0 | -27 799 |
| 3.8. | №8А ст. қоректендіру электр сорғысының ақаулы тораптарын ауыстыра отырып жөндеу. | 11 471 | 0 | -11 471 |
| | **БЖК** | **364 256** | **0** | **-364 256** |
| 3.9. | №2 КВГМ-100 ыстық су қазандығы. Конвективті ширмаларды 100% ауыстыра отырып күрделі жөндеу. | 364 256 | 0 | -364 256 |
| **4** | **Негізгі құралдарды сатып алу** | **39 940** | **0** | **-39 940** |
| | **БЖК** | **39 940** | **0** | **-39 940** |
| 4.1. | Өзі аударғыш автомобиль - 1 дана. | 39 940 | 0 | -39 940 |

Табиғи монополия субъектісінің қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес инвестициялық бағдарламаның көрсеткіштері бір жылға бекітіледі. «АлЭС» АҚ меншікті қаражат есебінен бекітілген инвестициялық бағдарлама көрсеткіштерінің екінші жартыжылдықта толық орындалуын болжайды.

## 3) Бекітілген тарифтік сметаның баптар бойынша орындалуы туралы.

мың теңге

| № | Атауы | 2026 жылға бекітілген тарифтік сметада көзделген | 2026 жылдың 1-жартыжылдығындағы тарифтік сметаның нақты көрсеткіштері | Ауытқу, (+,-) | Себептері |
|---|---|---|---|---|---|
| **I** | **Тауарларды және көрсетілетін қызметтерді өндіруге арналған шығындар, барлығы** | **33 932 368** | **19 047 139** | **56%** | Табиғи монополия субъектісінің қызметін реттейтін нормативтік-

| № | Атауы | 2026 жылға бекітілген тарифтік сметада көзделген | 2026 жылдың 1-жартыжылдығындағы тарифтік сметаның нақты көрсеткіштері | Ауытқу, (+,-) | Себептері |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Материалдық шығындар, оның ішінде: | 21 697 598 | 12 784 759 | 59% | құқықтық актілерге сәйкес, тарифтік сметаның көрсеткіштері жыл ішіндегі кезеңдер бойынша нақтыланбай, бір жылға бекітіледі. Ауытқулар екінші жартыжылдықтың шығындары болып табылады. |
| 1.1.1. | технологиялық мақсаттарға арналған су | 250 588 | 52 600 | 21% | |
| 1.1.2. | қосалқы материалдар | 234 430 | 228 943 | 98% | |
| 1.2. | ЖЖМ | 61 933 | 39 358 | 64% | |
| 1.3. | отын | 20 546 608 | 11 935 714 | 58% | |
| 1.4. | энергия | 604 039 | 528 143 | 87% | |
| 2 | Аударымдармен қоса еңбекке ақы төлеу шығындары | 6 406 235 | 3 898 683 | 61% | |
| 3 | Амортизация | 1 395 383 | 765 209 | 55% | |
| 4 | Жөндеу | 2 842 170 | 429 769 | 15% | |
| 5 | Өзге шығындар | 1 199 520 | 870 766 | 73% | |
| 6 | Салықтар | 391 461 | 297 953 | 76% | |
| **II** | **Кезең шығыстары, оның ішінде** | **783 384** | **438 195** | **56%** | |
| 7 | Жалпы және әкімшілік шығыстар | 783 384 | 438 195 | 56% | |
| **III** | **Шығындар, барлығы** | **34 715 752** | **19 485 334** | **56%** | |
| IV | Пайда (+) | 200 000 | -2 332 493 | -1166% | |
| V | Негізсіз алынған табыс | -27 409 | | | |
| VI | Барлық кірістер | 34 888 343 | 17 152 840 | 49% | |
| | *01.01.2026ж. бастап 31.03.2026ж. дейін* | *14 258 585* | *13 945 263* | *98%* | |
| | *01.04.2026 ж. бастап 31.12.2026 ж. дейін* | *20 629 758* | *3 207 577* | *16%* | |
| VII | Көрсетілген қызметтердің көлемі, мың Гкал | 5 724 | 2 933 | 51% | |
| | *01.01.2026 ж. бастап 31.03.2026 ж. дейін* | *2 484* | *2 429* | *98%* | |
| | *01.04.2026 жылдан бастап 31.12.2026 жылға дейін* | *3 240* | *504* | *16%* | |
| **VIII** | ***Тариф (ҚҚС-сыз), теңге/Гкал** | **6 095,31** | **5 848,38** | | |
| | *01.01.2026 жылдан бастап 31.03.2026 жылға дейін* | *5 740,81* | *5 740,81* | | |
| | *01.04.2026 жылдан бастап 31.12.2026 жылға дейін* | *6 367,06* | *6 367,06* | | |

Ескертпе:
*ТМРКД-ның Алматы қаласы бойынша №181-ОД және Алматы облысы бойынша №235-ОД 25.12.2025 жылғы бірлескен бұйрығымен 01.01.2026 жылдан бастап қолданысқа енгізілетін, жылу энергиясын өндіру жөніндегі қызметке 2022 – 2026 жж. арналған тарифтер, оның ішінде 2026 жылға 5 740,81 теңге/Гкал мөлшерінде бекітілді.*

*ТМРК-нің Алматы қаласы бойынша департаментінің 26.03.2026 жылғы №56-ОД бұйрығымен 2022 – 2026 жылдарға арналған жылу энергиясын өндіру жөніндегі қызметке қолданыстағы тарифтер 01.04.2026 жылдан бастап қолданысқа енгізіле отырып бекітілді, оның ішінде 2026 жылға – 6 367,06 теңге/Гкал мөлшерінде.*

## 4) Қызметтің негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштері туралы.

«АлЭС» АҚ реттелетін қызметтердің әрбір түрі бойынша және тұтастай алғанда реттелетін қызметтерге жатпайтын қызмет бойынша кірістердің, шығындардың және жұмылдырылған активтердің бөлек есебін жүргізеді.

Есепті кезеңде жылу энергиясын өндіру бойынша көрсетілген реттелетін қызметтерден түскен кіріс 17 152 840 мың теңгені құрады. Жылу энергиясын өндіруге жұмсалған шығындар 19 485 334 мың теңгені құрады, оның ішінде

– өндірістік өзіндік құн – 19 047 139 мың теңге;

– жалпы және әкімшілік шығыстар – 438 195 мың теңге;

– шығын – (-2 332 493) мың теңге, оның ішінде (-1 234 679) мың теңге көмірді тасымалдау шығыстарына тарифтік көздің жеткіліксіздігінен.

– Шығындылықтың себебі – жылу энергиясын өндіру жөніндегі қызметтерге арналған қолданыстағы тариф реттелетін қызметті көрсетуге жұмсалған шығындардың орнын толтыруды және табиғи монополия субъектісін дамытуға және оның тиімді жұмыс істеуіне бағытталатын пайда алуды қамтамасыз етпейді.

**5) Көрсетілген реттелетін қызметтердің көлемдері туралы.**

Жылу энергиясын өндіру жөніндегі қызметтерге арналған бекітілген тарифтік сметада көрсетілетін қызметтердің көлемі 5 724 мың Гкал мөлшерінде көзделген. Осы қызметтің негізгі тұтынушысы – «Алматы жылу желілері» ЖШС (98%).

2026 жылғы 1-жартыжылдықтың қорытындысы бойынша «АлЭС» АҚ-ның жылу энергиясын өндіру жөніндегі қызметінен көрсетілген қызметтердің нақты көлемі 2 933 мың Гкал құрады**,** орындалуы – 51%. Жылуды нақты босату жылу желілерінің диспетчері («Алматы жылу желілері» ЖШС) белгілейтін режимдерге және сыртқы ауа температурасына сәйкес жүзеге асырылды.

**6) Реттелетін қызметтерді тұтынушылармен жүргізілетін жұмыс.**

Реттелетін қызметтерді тұтынушылармен жұмыстың негізгі мақсаты – жылу энергиясын өндіру бойынша қызметтерді сапалы әрі үздіксіз көрсету.

Жылу энергиясын жеткізудегі негізгі критерийлер «АЖЖ» ЖШС белгілейтін температуралық графикті орындау, желілік су қысымын ұстап тұру болып табылады. 2026 ж. бірінші жартыжылдығында «АлЭС» АҚ температуралық график және желілік су қысымын ұстап тұру бойынша «АЖЖ» ЖШС-нің тапсырмасын толығымен орындады.

«АлЭС» АҚ тұтынушылармен дебиторлық берешекті өтеу бойынша тұрақты жұмыс жүргізеді. Дебиторларға берешекті өтеу талабымен наразылықтар жолданады.

**7) «АлЭС» АҚ қызметінің перспективалары (даму жоспарлары), оның ішінде** реттелетін **көрсетілетін қызметтердің тарифтеріндегі ықтимал өзгерістер туралы.**

**Қызмет перспективалары туралы.**

«АлЭС» АҚ жылу энергиясын өндіру жөніндегі қызметтің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ететін қажетті іс-шараларды жүргізуді жоспарлайды:

- Станцияның қоршаған ортаға әсерін барынша азайта отырып, А. Жақұтов атындағы Алматы 2-ЖЭО-сын жаңғырту;

- 2-ЖЭО-БЖК жылу магистралін толық қайта төсеу арқылы қайта жаңарту;
- БГҚ салу арқылы 3-ЖЭО-ны кеңейту;
- А. Жақұтов атындағы 2-ЖЭО-да және 3-ЖЭО-да күл-қож кетірудің біріктірілген жүйесін салу;
- Өндірістік активтердің ағымдағы деңгейін ұстап тұру;
- Негізгі құралдарды сатып алу.

**Қолданыс мерзімі аяқталғанға дейін тарифтерді өзгерту.**

«АлЭС» АҚ-ның жылу энергиясын өндіру жөніндегі реттелетін қызметтеріне қолданыстағы тарифтер 2022-2026 жылдар кезеңіне бекітілген. Тарифті өзгерту уәкілетті органның бастамасы бойынша жылына екі реттен асырмай, табиғи монополия субъектісінің бастамасы бойынша жылына бір реттен асырмай жүзеге асырылады.

«Табиғи монополиялар туралы» ҚР Заңының 22-бабының 1-тармағына сәйкес «АлЭС» АҚ қолданыс мерзімі аяқталғанға дейін мынадай негіздер бойынша тарифті көтеруге өтінім беруге құқылы:

- стратегиялық тауарлардың түрі мен құнының және (немесе) стратегиялық тауарларды тасымалдауға мемлекеттік реттеуге жататын тарифтердің (бағалардың) өзгеруі;
- мемлекеттік бағдарламалардың және (немесе) ұлттық жобалардың іске асырылуына байланысты бекітілген инвестициялық бағдарламаның өзгеруі;
- өңірдегі (қаладағы) экономикалық қызмет түрлері бойынша жыл ішіндегі статистика деректері бойынша қалыптасқан бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысының өзгеруі.

Қолданыстағы реттеу кезеңінің аяқталуына байланысты және «Табиғи монополиялар туралы» ҚР Заңының 15-бабының 4-тармағына сәйкес «АлЭС» АҚ ағымдағы жылдың шілдесінде тарифтік реттеудің шығынды әдісін ескере отырып, 2027-2031 жылдардағы келесі реттеу кезеңіне арналған есептеулер мен негіздемелік материалдарды қоса тіркеп, жылу энергиясын өндіру жөніндегі қызметтерге арналған тарифтерді бекітуге өтінім берді.

## РЕТТЕЛЕТІН ҚЫЗМЕТ – МАГИСТРАЛЬДЫҚ ҚҰБЫРЛАРМЕН СУ БЕРУ

**2) Бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы.**

Инвестициялық бағдарлама Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментінің 24.11.2025 жылғы №154-ОД және Алматы облысы бойынша департаментінің 28.11.2025 жылғы №198-ОД бірлескен бұйрықтарымен (тиісінше) және Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің 17.12.2025 жылғы №491-Н/Қ бұйрығымен бекітілген.

Бекітілген инвестициялық бағдарламада 2026 жылға көзделген іс-шаралар 79 892 мың теңгені құрайды.

| р/с | Іс-шаралардың атауы | Меншікті қаражат есебінен инвестициялық бағдарлама сомасы, мың теңге | | |
|---|---|---|---|---|
| | | 2026 жылға арналған жоспар | 2026 ж. 1-жартыжылдығының нақтысы | Ауытқу, (+,-) |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | **БАРЛЫҒЫ, оның ішінде** | **79 892** | **61 237** | **-18 655** |
| **1** | **Өндірістің ағымдағы деңгейін сақтау** | **76 214** | **61 237** | **-14 977** |
| | **Б.Оразбаева атындағы 1-ЖЭО** | **55 919** | **61 237** | **5 318** |
| 1.1. | ПТС №13 декарбонизаторын жөндеу | 55 919 | 61 237 | 5 318 |
| | **А.Жакутов атындағы 2-ЖЭО** | **20 295** | 0 | -20 295 |
| 1.2. | Жылу желісінің артық құйылу бағының (ЖАБ) корпусын дайындап, ауыстырып жөндеу | 20 295 | 0 | -20 295 |
| **2** | **Негізгі құралдарды сатып алу** | **3 678** | **0** | **-3 678** |
| | **А.Жакутов атындағы ЖЭО-2** | **3 678** | **0** | **-3 678** |
| 2.1. | Майларды, дизель отынын және суды айдауға арналған бөшкелік электр сорғысы. Макс. алу биіктігі 6500. Тот баспайтын болат. Диаметрі 28 мм. Қозғ. қуаты 200 Вт. 220 В. 50 Гц. Қорғау дәрежесі IP24 | 757 | 0 | -757 |
| 2.2. | Күкірт қышқылын мөлшерлегіш сорғы Pro Minent Makro TZ HAH 100836 ГТТТ100V0000 | 2 604 | 0 | -2 604 |
| 2.3. | S2CbH16130PVTS070U A810S0EN үлгісіндегі мотор жетекті мембраналық ИОМС мөлшерлегіш сорғысы | 317 | 0 | -317 |

Игеру ағымдағы жылдың екінші жартысында жоспарлануда.

## 3) Бекітілген тарифтік сметаның баптары бойынша орындалуы туралы.

мың теңге

| № | Атауы | 2026 жылға бекітілген тарифтік сметада көзделген. | 2026 жылдың 1-жартыжылдығындағы тарифтік сметаның нақты көрсеткіштері | Ауытқу, (+,-) | Себептері |
|---|---|---|---|---|---|
| **I** | **Тауарлар мен қызметтерді өндіру шығындары, барлығы** | **3 445 177** | **1 327 919** | **39%** | Табиғи монополия субъектісінің қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес тарифтік сметаның көрсеткіштері жыл ішіндегі кезеңдер бойынша егжей-тегжейленбей, бір жылға бекітіледі. Ауытқулар екінші жартыжылдықтың шығындары болып табылады. |
| 1 | Материалдық шығындар, оның ішінде: | 3 137 471 | 1 164 434 | 37% | |
| 1.1.1. | технологиялық қажеттерге су | 2 908 169 | 1 043 571 | 36% | |
| 1.1.2. | қосалқы материалдар | 229 303 | 120 862 | 53% | |
| 2 | Аударылымдармен қоса еңбекке ақы төлеу шығындары | 184 826 | 96 355 | 52% | |
| 3 | Амортизация | 78 892 | 39 446 | 50% | |
| 4 | Жөндеу | 43 711 | 27 436 | 63% | |
| 5 | Өзге шығыстар | 277 | 249 | 90% | |
| **II** | **Кезең шығыстары, оның ішінде** | **11 475** | **6 249** | **54%** | |
| 1 | Жалпы және әкімшілік шығыстар | 11 475 | 6 249 | 54% | |
| **III** | **Жалпы шығындар** | **3 456 652** | **1 334 168** | **39%** | |
| IV | Тұтынушыларға қаражатты қайтару | | 226 485 | | |
| V | Пайда (+) | 1 000 | 196 748 | 19675% | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| VI | Жалпы табыстар | 3 457 652 | 1 757 401 | 51% | |
| VII | Көрсетілген қызметтердің көлемі, мың м$^3$ | 31 146 | 15 831 | 51% | |
| **VIII** | **Тариф (ҚҚС-сыз), теңге/м. куб.** | **111,01** | **111,01** | | |

*Ескертпе: 26.11.2025 *жылғы ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментінің №157-ОД және Алматы облысы бойынша департаментінің №193-ОД бірлескен бұйрықтарымен 2026-2030 жылдарға арналған магистральдық құбырлар бойынша су беру (ХОВ) қызметіне тарифтер, оның ішінде 2026 жылға арналған тариф 111,01 теңге/м3 мөлшерінде бекітілді.*

**4) Қызметтің негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштері туралы.**

«АлЭС» АҚ реттелетін қызметтердің әрбір түрі бойынша және жалпы реттелетін қызметтерге жатпайтын қызмет бойынша кірістердің, шығындардың және жұмылдырылған активтердің бөлек есебін жүргізеді.

– магистралдық құбыржолдар арқылы су беру қызметінен түскен кіріс – 1 757 401 мың теңге;

– өндірістік өзіндік құн – 1 327 919 мың теңге;

– жалпы және әкімшілік шығыстар – 6 249 мың теңге;

– тұтынушыларға қаражатты қайтару (2025 жылдың қорытындысы бойынша) – 226 485 мың теңге;

– магистралдық құбырлар арқылы су беру жөніндегі қызметтен түскен пайда – 196 748 мың теңге.

**5) Көрсетілген реттелетін қызметтердің көлемі.**

Магистралдық құбырлар арқылы су беру жөніндегі көрсетілетін қызметтердің көлемі бекітілген тарифтік сметада 31 146 мың м3 мөлшерінде көзделген. Осы көрсетілетін қызметтің негізгі тұтынушысы «Алматинские тепловые сети» ЖШС (99%) болып табылады. 2026 жылдың 1-жартыжылдығының қорытындысы бойынша магистралдық құбырлар арқылы су беру бойынша көрсетілген реттелетін қызметтердің нақты көлемі 15 831 мың м3 құрады, орындалуы – 51%.

Алматы қаласының орталықтандырылған жылумен жабдықтау аймағында «АлЭС» АҚ жылу көздерінен жылу желілерін толықтыруға арналған химиялық тазартылған су беру «Алматинские тепловые сети» ЖШС белгілеген жылу желісін толықтыру шығынының режиміне сәйкес жүзеге асырылды.

**6) Реттелетін көрсетілетін қызметтердің тұтынушыларымен жұмыс.**

«АлЭС» АҚ дебиторлық берешекті өтеу бойынша тұтынушылармен жұмыс жүргізеді. Дебиторларға берешекті өтеу туралы талаппен кінәрат-талаптар жолданады, сотқа талап қоюлар беріледі.

**7) «АлЭС» АҚ қызметінің перспективалары (даму жоспарлары), оның** ішінде **реттелетін көрсетілетін қызметтерге тарифтердің ықтимал өзгеруі туралы.**

«АлЭС» АҚ магистральдық құбырлар арқылы су беру бойынша қызметтің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ететін қажетті іс-шараларды өткізуді жоспарлайды:

- Жылу желісінің артық құйылу багының (БПТ) корпусын дайындау және ауыстыру арқылы жөндеу;
- Негізгі құралдарды сатып алу.

**Тарифтерді олардың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін өзгерту**

«АлЭС» АҚ-ның магистральдық құбырлар арқылы су беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметке арналған қолданыстағы тарифтері 2026-2030 жылдарға бекітілген. Тарифті өзгерту уәкілетті органның бастамасы бойынша жылына екі реттен артық емес, табиғи монополия субъектісінің бастамасы бойынша жылына бір реттен артық емес жүзеге асырылады.

«Табиғи монополиялар туралы» ҚР Заңының 22-бабының 1-тармағына сәйкес «АлЭС» АҚ оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін мынадай негіздер бойынша тарифті көтеру туралы өтініммен жүгінуге құқылы:

- стратегиялық тауарлардың түрі мен құнының және (немесе) стратегиялық тауарларды тасымалдауға арналған мемлекеттік реттеуге жататын тарифтердің (бағалардың) өзгеруі;
- мемлекеттік бағдарламалардың және (немесе) ұлттық жобалардың іске асырылуына байланысты бекітілген инвестициялық бағдарламаның өзгеруі;
- жылдық статистика деректеріне сәйкес өңірдегі (қаладағы) экономикалық қызмет түрлері бойынша қалыптасқан бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысының өзгеруі.